№7599-26-00-2а/878

Қ А У Л Ы

4 наурыз 2026 жыл Алматы қаласы

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы, құрамында төрағалық етуші судья М.Т.Тасыбекова, алқа судьялары Б.Д.Бияхметова және Б.М.Мәлік-тегі болып,
хатшылыққа Д.С.Жалтырованы ала отырып,
прокурор - А.К.Салимбаеваның,
талап қоюшының өкілі А.Н.Смагуловтың, жаупкердің өкілі Б.Кемелханулының, үшінші тұлғаның өкілі О.Абильдиннің қатысуларымен,

мобильді бейнеконференцбайланысты пайдалану арқылы ашық сот отырысында, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 01 желтоқсандағы шешіміне талап қоюшының берген апелляциялық шағымы бойынша түскен,

талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» РММ-нің жауапкер «Тогас Сервис» ЖШС-не, үшінші тұлға Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «55524» әскери бөліміне берген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап арызы бойынша электронды азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы - «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі сотқа берген талап арызында, жауапкер «Тогас Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 2025 жылғы 12 маусымда №122-2025-АУ мемлекеттік сатып алу шарты жасалғанын. Шартқа сәйкес жауапкер жалпы сомасы - 24 188 640 теңгеге МТ-ЛБ 250 қуатты қозғалтқыштарын жеткізуге міндеттенген. Шарт қазынашылық органдарында 2025 жылғы 16 маусымда тіркелген. Тауарды жеткізу мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 90 күнтізбелік күн болып белгіленіп, жеткізудің соңғы күні 2025 жылғы 12 қыркүйек болып айқындалғанын. Алайда жауапкер шарт талаптарын орындамай, тауарды белгіленген мерзімде жеткізбегенін. Осыған байланысты 2025 жылғы 15 қыркүйекте веб-портал арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы хабарлама жолдағанын. Осы мән-жайлардың негізінде соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және айыппұл өндіруді сұраған.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 01 желтоқсандағы шешімімен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» РММ-нің талап арызы ішінара қанағаттандырылған. Жауапкер «Тогас Сервис» ЖШС-нен мемлекет пайдасына - 120 943 теңге айыппұл сомасы және 3 628 теңге мемлекеттік баж өндірілген. Талап арыздың басқа бөлігі қанағаттандырусыз

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Биямметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Малик-тегі Б. М., 16.03.2026

қалдырылған.

Талап қоюшы апелляциялық шағымында, сот шешімімен келіспей, оның күшін жойып, талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» РММ-нің талап арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұраған. Шағымда бірінші сатыдағы сот «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарын дұрыс қолданбағанын, өйткені жауапкер шартта көзделген мерзімде тауарды толық көлемде жеткізбегенін, міндеттемені тек ішінара орындаған және түпкілікті жеткізу мерзімін бұзғанын. Тауарды ішінара жеткізу шарт міндеттемелерін тиісінше орындау болып табылмайтынын. Сот талапкердің тауарды қабылдаудан бас тартуын жауапкер кінәсінің жоқтығы ретінде негізсіз бағалағанын. Қабылдаудан бас тарту өнім берушіні шарт талаптарына сай тауарды толық және уақтылы жеткізу міндетінен босатпайды, ал тауар сәйкестігі жөніндегі даулар жеткізу мерзімінің бұзылғанын жоққа шығармайтынын. Сондай-ақ шарт тапсырыс берушінің бастамасымен заңды түрде бұзылғанын. Басқа іс бойынша тауарды қабылдауға мәжбүрлеу туралы шешім де міндеттеменің мерзімінде орындалмағанын жоққа шығармайтынын. Бұдан бөлек, бірінші саты соты негізге алған Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 7 қыркүйектегі шешімі апелляциялық тәртіппен күші жойылғанын көрсетіп уәждеген.

Электронды іс құжаттарын, апелляциялық шағымда келтірілген уәждерді тексеріп, талап қоюшының өкілі А.Н.Смагуловтың, үшінші тұлғаның өкілі О.Абильдиннің апелляциялық шағымды қанағаттандыруды сұрған сөздерін, жаупкердің өкілі Б.Кемелханулының сот шешімін өзгеррісіз, шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған пікірін тыңдап, сот алқасы төмендегі тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі – АПК-нің) 427-бабы 1-бөлігінің 1)-5) тармақшаларына сәйкес, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы; іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі; шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық және процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы; жүргізілу міндеттілігі осы Кодексте көзделген кезде істе жеке процестік әрекет хаттамасының болмауы негіз болып табылады.

Мұндай негіздер қаралып отырған іс бойынша бар.

№1 талап бойынша:

Сотпен анықталғандай, 2025 жылғы 12 маусымда Талап қоюшымен Жауапкер арасында №122-2025-АУ санды мемлекеттік сатып алу шарты жасалған. Аталған шартқа сәйкес Жауапкер Талап қоюшыға жалпы сомасы -

7599-26-3-2/879

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Биякметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Малик-тегі Б. М., 16.03.2026

24 188 640 теңгеге МТ-ЛБ техникасына арналған, қуаты 250 ат күшінен аспайтын, сегіз цилиндрлі ЯМЗ-238 В (ВМ) үлгісіндегі дизельді іштен жану қозғалтқыштарын 3 жиынтық көлемінде жеткізуге міндеттенген.

Шарттың талаптарына сай, Жауапкер тауарды шарт күшіне енген күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндетті болған. Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесінде 2025 жылғы 16 маусымда тіркеліп, осы күннен бастап заңды күшіне енген.

Осыған байланысты, шарттық міндеттемелерге сәйкес тауар Жауапкер тарапынан 2025 жылғы 13 қыркүйекке дейін (қоса алғанда) жеткізілуге тиіс болған.

Тауардың техникалық сипаттамалары шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшада көрсетілген.

Бірінші сатыдағы сот талап арызды қанағаттандырусыз қалдыра отырып, жауапкер шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында тауардың екі жиынтығын алдын ала сатып алып, оны уақтылы жеткізгенін, яғни шартта көзделген міндеттемелерді орындағанын, алайда талап қоюшының негізсіз қабылдаудан бас тартып, оның құқықтарын жүзеге асыруға кедергілер келтіргенін. Сонымен қатар сот жеткізілген тауар шарт талаптарына сәйкес келетінін, бұл өндіруші зауытының ресми жауабымен расталатынын, сондай-ақ жауапкердің тауарды қайта жеткізуге әрекет жасағанын және оның тауарды қабылдауға міндеттеу туралы талап арызы қанағаттандырылған Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 7 қазандағы шешімін негізге алған.

Осыған байланысты сот жауапкердің міндеттемені тиісінше орындамағаны дәлелденбеген және оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз жоқ деген тұжырымға келген.

Алайда, сот алқасы бірінші сатыдағы соттың аталған тұжырымдарымен келесі негіздер бойынша келісе алмайды.

Яғни, тараптар арасында жасалған шарттың 3.1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жеткізуші шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде жеткізілетін тауарлардың шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшада (техникалық ерекшелікте) көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Осы тармақтың 13) және 15) тармақшаларына сәйкес жеткізуші сапасы немесе жиынтықтылығы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауар жеткізілген жағдайда оны 10 жұмыс күні ішінде тиісті сападағы немесе жиынтықтағы тауарға ауыстыруға, сондай-ақ тауарды нақты жеткізу кезінде оның шығу тегі мен сапасын растайтын құжаттарды (техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес) ұсынуға міндеттенген.

7599-26-3-2/879

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Биямметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Малик-тегі Б. М., 16.03.2026

Өз кезегінде тапсырыс беруші шарттың 3.3-тармағының 11) тармақшасына сәйкес сапасы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауар жеткізілген жағдайда қабылдаушы тұлға арқылы 3 күнтізбелік күн ішінде анықталған кемшіліктер туралы тиісті актіні үш данада жасауға және оның бір данасын 3 жұмыс күні ішінде жеткізушіге жолдауға міндетті.

2025 жылғы 17 маусымда №10 санды хатымен «Тогас Сервис» ЖШС талап қоюшыға қолда бар 2 жиынтық тауардың жақын арада жөнелтілетіні туралы хабарлаған. Қалған бір жиынтық тапсырыс беруші аталған 2 жиынтық тауарды қабылдағаннан кейін жеткізілетіні көрсетілген.

2025 жылғы 25 маусымда бөлім командирінің 2025 жылғы 22 мамырдағы №145 бұйрығымен құрылған комиссия жеткізілген 2 жиынтық тауарға қатысты сәйкессіздік актісін жасаған.

Актіде: қозғалтқыштардың шығарылған жылы шарт талаптарына сәйкес келмейтіні көрсетілген. Шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес қозғалтқыштар 2023 жылы шығарылған болуы тиіс, алайда іс жүзінде 2021 жылы шығарылған қозғалтқыштар жеткізілген. Бұл қозғалтқыш нөміріндегі алғашқы «М» белгісімен расталады («М» – 2021 ж., «Р» – 2023 ж.).

2025 жылғы 4 шілдеде жауапкер 2 жиынтық тауарды қайта ұсынған, алайда талап қоюшы қайтадан сәйкессіздік актісін жасап, онда - жеткізілген тауарға сәйкестік сертификатының жоқтығын (ұсынылған сертификатта қозғалтқыш маркасы көрсетілмеген); - қозғалтқыштардың шығарылған жылы шарт талаптарына сәйкес келмейтінін, яғни техникалық ерекшелікке сәйкес 2023 жылы шығарылуы тиіс қозғалтқыштардың орнына 2021 жылғы қозғалтқыштар жеткізілгенін көрсеткен.

2025 жылғы 30 қыркүйекте талап қоюшы жауапкердің шарт міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындамауына байланысты шартты біржақты тәртіппен бұзған.

Өз кезегінде жауапкер «Тогас Сервис» ЖШС талап қоюшыға тауарды қабылдауға міндеттеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 7 қазандағы шешімімен «Тогас Сервис» ЖШС-нің талап арызы қанағаттандырылған.

Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 17 желтоқсандағы қаулысымен аталған сот шешімінің күші жойылып, «Тогас Сервис» ЖШС-нің талап арызын қанағаттандырудан бас тартылған.

Сот алқасының қаулысына сәйкес, (жеткізушінің) «Тогас Сервис» ЖШС-нің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес тауар жеткізу жөніндегі шарт міндеттемелерін бұзғаны нақты анықталған.

Атап айтқанда, жеткізілген қозғалтқыштардың шығу тегін растайтын құжаттарда дайындалу, сату және жеткізу мерзімдері өзара сәйкес келмейтіні.

7599-26-3-2/879

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Биякметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Малик-тегі Б. М., 16.03.2026

Қозғалтқыштың сәйкестендіру нөмірі оның шығарылған жылы техникалық талаптарға сай емес екені. Сонымен қатар шартта нақты ЯМЗ-238В моделі көзделгеніне қарамастан, жеткізуші өзге модельге берілген сертификаттарды ұсынғаны, ал баламалы тауар жеткізу шартпен рұқсат етілмегені. Бұдан бөлек, ұсынылған сертификаттардың бір бөлігі ресми тіркеуден өтпегені, ал паспортта көрсетілген құжаттар мүлде ұсынылмағаны анықталған.

Осы мән-жайлар жеткізушінің техникалық ерекшелік талаптарын өрескел бұзғанын дәлелдейді.

АК-нің 272 бабына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Осылайша, міндеттеме орындау нысанасына, субъектілеріне, орнына, мерзіміне және орындау тәсіліне қойылатын барлық талаптар сақталған жағдайда ғана тиісінше орындалды деп есептеледі.

«Мемлекеттік сатып алу» туралы Қазақстан Республикасы заңының 12 бабының 4 тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осыған байланысты бірінші сатыдағы соттың талап қоюшы жеткізушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызын қанағаттандырусыз қалдырған тұжырымы негізсіз болып табылады және іс материалдарымен өз растауын таппаған.

№2 талап бойынша:

Бірінші сатыдағы соттың талап қоюшының айыппұлды өндіру туралы талап арызын ішінара қанағаттандыру шешімі азаматтық заң нормалары мен сот отырысында анықталған істің нақты мән жайларына негізделмеген, заң тұрғысында оған дұрыс баға берілмеген.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

АК-нің 298-бабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Талап қоюшы 362 830 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

7599-26-3-2/879

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Бияхметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Мәлік-тегі Б. М., 16.03.2026

Сот алақсы талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы негізді деп санайды және оны қанағаттандыруға жатады деп есептейді, өйткені өсімпұлды есептеу шарт талаптарында көзделген.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар сот шешімін өзгертуге, шешімнің қанағаттандырусыз қалдырған бөлігінің күшін жоюға және оның осы бөлігі бойынша талап арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруға негіз болады.

АПК-нің 427-бабының 1-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес, шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болып табылады.

Мұндай жағдайларда апелляциялық сот алқасы сот шешімі өзгертілуге, апелляциялық шағым қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және АПК-нің 424-бабы 1-бөлігінің 2) тармақшасын, 434,436 баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 01 желтоқсандағы осы іс бойынша шешімі өзгертілсін.

Жауапкер «Тогас Сервис» ЖШС- нен мемлекет пайдасына өндірілген 120 943 (жүз жиырма мың тоғыз жүз қырық үш) теңге айыппұл сомасы 362 830 (үш жүз алпыс екі мың сегіз жүз отыз) теңгеге және 3 628 (үш мың алты жүз жиырма сегіз) теңге мемлекеттік баж 10 885 (он мың сегіз жүз сексен бес) теңгеге ұлғайтылсын.

Сот шешімінің талап арыздың қанағаттандырусыз қалдырылған бөлігінің күші жойылсын және оның осы бөлігі бойынша талап арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«Тогас Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Апелляциялық сот алқасының қаулысы ол жарияланған кезден бастап заңды күшіне енеді және Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты арқылы кассациялық шағым берілуі мүмкін.

Төрағалық етуші М.Т.Тасыбекова

Судьялар Б.Д.Бияхметова

Б.М.Мәлік-тегі

7599-26-3-2/879

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Бимяметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Малик-тегі Б. М., 16.03.2026
7599-26-3-2/879

Құжатқа қол қойылған: Тасыбекова М. Т., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Биямметова Б. Д., 17.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Малик-тегі Б. М., 16.03.2026

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911

7599-26-3-2/879